

**«Казинвестбанкі»**  
**АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ**  
**ДӘРЕЖЕДЕ САТЫЛАНҒАН**  
**КУПОНДЫ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН**  
**ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТИ**

Шығарылым: бірінші

Шығарудың көлемі: 1.250.000.000 (бір миллиард екі жүз елу миллион) теңге

Номинал: 1 (бір) теңге

Саны: 1.250.000.000 (бір миллиард екі жүз елу миллион) дана

Түрі: атаулы купондар

Шығару түрі: құжатсыз

Купондық мөлшерлеме: құбылмалы

Өкілетті органның облигацияларды шығару проспектінің мемлекеттік тіркеуі проспектіде көрсетілген облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір нұсқауды ұсынуды білдірмейді және өкілетті орган осы құжатта мазмұны үшін жауапкершілікті атқармайды».

Қаржылық есеп беру бойынша аудиттің қызметін «Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС аудиторлық компаниясы жүзеге асырады (Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 ж. 21 қазанда аудиторлық қызметпен айналысуға берген № 0000007 мемлекеттік лицензиясы); «Эрнст энд Янг Қазақстан» ЖШС Бас директоры - А.Ж. Нарбаева

**АЛМАТЫ**  
**2005**

## 1. Бағалы қағаздарды шығарушы туралы жалпы мәлімет

### 1. Бағалы қағаздарды шығарушының атауы.

	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
<b>Толық атауы</b>	«Казинвестбанкi» акционерлік қоғамы	Акционерное общество «Казинвестбанк»	“Kazinvestbank” Joint Stock Company
<b>Қысқартылған атауы</b>	«Казинвестбанкi» АҚ	АО «Казинвестбанк	JSC “Kazinvestbank”

### 2. Бағалы қағаздарды шығарушының атауындағы өзгерістер туралы мәлімет.

«Казахстанский Интернациональный Банк» Жабық үлгідегі акционерлік қоғамы - 1994 жылғы 18 мамырдағы мемлекеттік тіркеу;

«Казахстанский Интернациональный Банк» Жабық Акционерлік қоғамы - 1996 жылғы 02 қазандағы мемлекеттік қайта тіркеу;

«Казахстанский Интернациональный Банк» Ашық Акционерлік қоғамы - 1998 жылғы 29 шілдедегі мемлекеттік қайта тіркеу;

«Казинвестбанкi» Акционерлік қоғамы – 2004 жылғы 27 қаңтардағы мемлекеттік қайта тіркеу.

### 3. Бағалы қағаздарды шығарушыны мемлекеттік тіркеуі (қайта тіркеуі) туралы мәлімет .

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі берген №1659-1900-АҚ 2004 жылғы 27 қаңтардағы мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік.

### 4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі.

СТТН 600 400 024 437

### 5. Бағалы қағаздарды шығарушының орналасқан жері туралы мәлімет.

Қазақстан Республикасы, 050051

Алматы қ., Достық даң., 172

Тел.: +7 (3272) 619 060; Факс: +7 (3272) 598 658

Е-mail: [info@kib.kz](mailto:info@kib.kz)

[www.kib.kz](http://www.kib.kz)

## **6. Бағалы қағаздарды шығарушының құрылуы мен қызметінің қысқаша тарихы. Бағалы қағаздарды шығарушыны құру мен қызметінің мақсаттары.**

“Казахстанский Интернациональный Банк” ААҚ– ҚР-дағы бірінші мемлекеттік емес инвестициялық банкі. 1993 ж. 23 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Үкіметімен халықаралық инвестициялық-банктік ынтымақтастық Келісімінің негізінде Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі және Chase Manhattan Bank (АҚШ) арқылы, тең үлестерде (50 пайыз) бірлескен акционерлік банк ретінде құрылған. 1995 ж. «мемлекеттің екінші деңгейдегі банктердің жарғылық капиталына қаржылық қатысуын тәртіпке келтіруге» бағытталған заңның өзгеруіне байланысты Chase Manhattan Bank үлесін Қазақстан Республикасының Үкіметі сатып алды. Бұдан ары қарай, мемлекеттің үлесін отандық және шет елдік акционерлердің сатып алуларының нәтижесінде Банк жабық үлгідегі акционерлік қоғам түрінде жеке меншікке айналды.

1997 ж. ақпанда Казинтербанк қазақстандық жеке меншік банктердің барлығының арасынан алғашқы болып өзінің инвестициялық банк ретінде жүзеге асыруға Ұлттық Банктің №221 арнаулы сипаттағы лицензиясын алды, бұл заңдық және нормативтік актілерге сәйкес Банктің негізгі қызметі ретінде Қазақстанның экономикасына тікелей және қоржындық инвестицияларды тартуына мүмкіндік береді.

Банка капиталының артуы заңдық түрінің өзгеруімен байланысты жүрді, және 1998 ж. наурызда акционердің жалпы жиналысы Казинтербанкті ашық акционерлік қоғамға қайта тіркеу туралы шешімді қабылдады. Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлікті 1998 ж. 29 шілдеде берді.

Екінші деңгейдегі банктердің депозиттік және инвестициялық болып бөлінуін тоқтатқан банктік заңдағы өзгеріске байланысты, 1999 ж. 8 сәуірде көрсетілетін операцияларының аясын елеулі түрде кеңейткен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиясы алынды. Лицензияға сай Банктің қызметі әмбебапқа айналды, осы сәттен бастап Казинтербанк қызметінің бейнесін инвестициялықтан әмбебапқа өзгертуге кірісті. 2003 ж. дейін Банк негізінен қазақстандық кәсіпорындарға инвестицияларды тарту мен қазақстандық кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакетін жекешелендіруге байланысты операцияларға бағыт ұстайды. 2003 жылы Банк акционерлерінің құрамында толық өзгеріс болды. Жаңа акционерлердің негізгі басымдығы – бизнесті қайтадан бағыттау және коммерциялық банктің де, сонымен бірге инвестициялық банктің де дәстүрлі қызметтерін көрсететін корпоративтік банкті құру. 2004 ж. наурызда Банк жеке тұлғалардың салымдарын кепілдік берудің (сақтандырудың) Қазақстандық қорына кіреді. 2004 ж. қаңтарда Банк жаңа атуға ие болды – «Казинвестбанкі» АҚ. Осы айда Банк коммерциялық банктерге қызметтердің негізгі түрлерін ұсынуға мүмкіндік беретін кеңейтілген лицензияны алады, және өзінің Банк тарихында бірінші рет Алматы қ. операциялық офисті ашады.

Бүгінгі күнде «Казинвестбанк» АҚ Қазақстандағы ең серпінді және болашағы бар коммерциялық банктердің бірі болып табылады. Халықаралық тәжірибесін тиімді түрде пайдалануы мен инновациялық технологияларды ендіруінің арқасында, Банк салыстырмалы түрдегі аз ғана мерзімнің ішінде мемлекеттік қаржылық нарығына сенімді түрде шықты және қарқынды түрде дамуын жалғастыруда. Банктің мақсаты өз клиенттеріне әлемдік банк практикасының ең үздік қызметтерін ұсынуға мүмкіндік беретін және олардың бизнесінің тез әрі тиімді дамуына белсенді түрде көмектесетін жоғары сапалы банктің бірегей үлгісін жасау болып табылады. Икемділік, жинақылық, шешім қабылдаудың жылдамдығы және клиенттерінің сауалдарына жедел назар аудару - Банка жұмысының негізгі қағидалары.

Банктің миссиясы клиенттеріне жоғары сапалы қызметтерді ұсынатын және қазіргі заманғы әлемдік стандарттарға толық жауап бере алатын Қазақстандағы ең үздік коммерциялық банктердің бірін құру болып табылады. Алдыңғы қатарлы батыстық технологиялар мен басқару әдістерін белсенді түрде қолдана отырып, Банктің қызметкерлері мына қағидаларды ұстана отырып, ұқсастығы жоқ бірегей қазақстандық банктің және сенімді қаржылық институттың үлгісін қалыптастырады:

**Клиент банк үшін емес, Банк клиент үшін.** Күшейіп келе жатқан бәсекелестік жағдайында клиент Банктің бизнес-үлгісінің орталығында орналасқан тұлға болып табылады. Икемділік, шешім қабылдаудың жылдамдығы, клиенттерінің кез-келген сауалдарына назар аудару және әрбір клиенттің қажеттіліктеріне кешенді түрде келу мен қызмет көрсетудің ерекше жоғары деңгейі «Казинвестбанкі» АҚ-ның басымдықтары болып табылады.

**Жоғары этикалық нормалар.** «Казинвестбанк» АҚ тек заң талаптарын ғана емес, сонымен бірге өзінің, талабы біршама жоғары бизнес-этиканың нормаларын да басшылыққа алады.

**Қызметкерлерге инвестициялар.** Қазіргі заманғы ақпараттар мен техникалық мүмкіндіктерге салыстырмалы түрдегі бірдей қол жеткізетін қатаң бәсекелестік жағдайында ең күшті бәсекелестік артықшылық ұйымда жұмыс істейтін білікті және персонал болып табылады. Банк қызметкерлерін өзінің ең бағалы активтері ретінде қарастырады, және дайындалуға, оқыту мен дамуына көп уақытты және ақшаны жұмсайды.

**Мөлдірлік.** Корпоративтік басқару мәселелерінде де, сонымен бірге қаржылық есеп беру мәселелерінде де Банктегі толық ашықтық саясаты оның барлық мүдделі тұлғалардың алдындағы ең жоғарғы мөлдірлігін қамтамасыз етуге бағытталған. Банка менеджменті, бұны инвесторлардың тарапынан да, сонымен бірге біздің банк салымшыларының тарапынан да жоғарғы сенімділікті қолдауының іргетасы болып табылады деп есептейді.

**Қауіптілік-менеджментінің нақты стандарттары.** Базель комитетінің ережелеріне жауап бере алатын ең жаңа тәсілдерді, ғылыми әдістемелерді пайдалана отырып қауіптіліктерді басқарудың ішкі жүйесін ендіру қауіптіліктерді төмендетуге, қорларды неғұрлым тиімділікпен басқаруға және несиелік қаражаттарғы бағаларды төмендетуге мүмкіндік береді.

Бүгінде «Казинвестбанкі» АҚ банктік қызметтің кең саласын ұсынады.

## 1. Есептік-кассалық қызмет көрсету

- Заңды және жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарын ашу және қызмет көрсету
- Инкассалау, қолма-қол ақша қаражаттарын қабылдау, сақтау және беру
- Төлемдерді теңгемен де және шет елдік валютамен де есепке жатқызу және жүзеге асыру
- «Банк-клиент» жүйесі арқылы шотты қашықтықтан электронды басқару
- Төлем карточкалары
- Арнайы жасалынған дербес банктік шешімдер

## 2. Несиелеу

- Айналым қаражаттарын толықтыруға арналған несиелер
- Негізгі қаражаттарды иелену/модернизациялау арқылы бизнесті кеңейтуге арналған несиелер

## 3. Саудалық қаржыландыру

- Экспорттық және импорттық аккредитивтер мен кепілдіктерді шығару және қызмет көрсету
- Тендерлік кепілдіктер, міндеттемелерді қамтамасыз етудің кепілдіктері және т.б.

## 4. Қазынашылық өнімдер

- Валюталарды айырбастау
- Ұлттық және шет елдік валютада депозиттерді орналастыру

## 5. Инвестициялық банкинг

- Бизнестің қосылуын, иеленуін және сатуды ұйымдастыру және құрылымдау
- Құрылымдалған займдерді ұйымдастыру арқылы қаржыландыруды тарту
- Компанияны борыштық қайта құрылымдау
- Жобалық талдау

**7. Егер бағалы қағаздарды шығарушыға қаржылық агенттіктің мәртебесі берілген жағдайда, өкілетті органның қаулысының уақыты, номері көрсетілсін.**

«Казинвестбанкі» АҚ қаржылық агенттіктің мәртебесіне ие емес.

**8. Бағалы қағаздарды шығарушыға және (немесе) оның шығарған бағалы қағаздарына халықаралық рейтингтік агенттіктердің және (немесе) отандық рейтингтік агенттіктерінің берген рейтингтерінің бар болуы туралы мәлімет**

Қазіргі уақытта «Казинвестбанкі» АҚ халықаралық немесе отандық рейтингтік агенттіктерінің рейтингтік бағалауларына ие емес. Бірақ Банк халықаралық немесе отандық рейтингтік агенттіктерден рейтингтерді алудың мүмкіндігі мен мақсатқа сәйкестігін қарауды жоспарлап отыр.

## 8-1. Корпоративтік басқару Кодексі туралы ақпарат.

Қазақстан Республикасының қаржылық нарық және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау Агенттігінің Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы №106 Қаулысына сәйкес, «Казинвестбанкі» АҚ 2006 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде Корпоративтік басқару Кодексін қабылдауды және әлемдік практикадағы жалпыға

бірдей қабылданған корпоративтік басқарудың қағидаалрын ұстануды жоспарлап отыр.

**Корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі.** «Казинвестбанкі» АҚ корпоративтік басқару жүйесі жалпыға бірдей қабылданған әлемдік практикаға сәйкес келеді және акционерлердің, менеджерлер мен клиенттердің мүдделерінің балансын сақтайтын өзара әрекеттескен келесі тәуелсіз элементтерден тұрады:

- 1) Акционерлерден де және сонымен бірге тәуелсіз кәсіпқойлардан да тұратын Директорлар кеңесі;
- 2) Толықтай тәуелсіз менеджерлерден тұратын Банк Басқармасы.

## 2. Бағалы қағаздарды шығарушының басқару органдары

### 9. «Казинвестбанкі» АҚ-ның басқару органдарының құрылымы .

«Казинвестбанкі» АҚ-ның басқару органдары:

- 1) жоғарығы орган – акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма Төрағасының басқаруындағы Басқарма;
- 4) басқа да органдар – Ішкі аудит қызметі

**Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне** келесі мәселелер жатады:

а) Банктің Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

б) Банкті ерікті түрде қайта құру немесе тарату;

в) Банктің жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешімді қабылдау;

г) Директорлар Кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау, сонымен бірге Директорлар Кеңесінің мүшелеріне сыйақыларды төлеудің көлемі мен шарттарын анықтау;

д) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;

е) жылдық қаржылық есеп беруді бекіту;

ж) есептік қаржы жылына Банктің таза табысын бөлудің тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді қабылдау және жыл қорытындысы бойынша дивидендтің көлемін Банк бір жай акциясына есептеп бекіту;

з) АҚ туралы Заңда қарастырылған жағдайлар туындаған кезде, Банктің акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау

и) сомасы Банкке жататын барлық активтердің жиырма бес және одан да көбін құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы Банктің басқа заңды тұлғаларды құруы немесе қызметіне қатысу туралы шешімді қабылдау;

к) Банктің ірі мәмілені және Банктің жасасуға мүдделі болып отырған мәмілесін жасасуы туралы шешімді бекіту;

л) Банктің жеке капиталының мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің міндеттемесін көбейту туралы шешімді қабылдау;

м) Банктің акционерлерді акционерлердің Жалпы жиналысын шақыруы туралы хабарлама беруінің түрін анықтау және мұндай хабарламаны баспасөз бетінде орналастыру туралы шешімді қабылдау;

н) акцияларды Банктің оларды сатып алуы кезіндегі құнын анықтаудың әдістемесін, Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңына сәйкес бекіту;

о) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

п) акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпаратты ұсынудың тәртібін анықтау, сонымен бірге баспасөз басылымын анықтау;

р) АҚ туралы Заңмен шешімі қабылдануы Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

**Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне** келесі мәселелер жатады:

а) Банк қызметінің басым бағыттарын анықтау;

б) акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналысы шақыру туралы шешімді қабылдау;

в) жарияланған акциялардың санының шегінде Банк акцияларын орналастыру және оларды орналастырудың бағасы туралы шешімді қабылдау;

- г) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы туралы шешімді қабылдау;
- д) Банктің жылдық қаржылық есеп беруін алдын ала бекіту;
- е) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді қабылдау және есептік қаржылық жылға төленетін дивидендтерден басқа, бір жай акцияға төленетін дивидендтің көлемін анықтау;
- ж) Банктің облигацияларды және өндірістік бағалы қағаздарды шығарудың шарттарын анықтау;
- з) Банк Басқармасының сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сонымен бірге олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- и) Банк Басқармасының басшысы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының көлемі мен еңбегін төлеудің шарттарын және сыйақы төлеуді анықтау;
- к) ішкі аудит қызметінің жұмысының тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің жалақыларының көлемі мен еңбегін төлеудің шарттарын және сыйақы төлеуді анықтау;
- л) бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызметіне төлем төлеудің көлемін анықтау;
- м) Банктің резервтік капиталын пайдаланудың тәртібін анықтау;
- н) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқарманың қабылдайтын құжаттарынан басқа);
- о) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- п) Банктің басқа ұйымдарды құруы мен қызметіне қатысуы туралы шешімді қабылдау; бекіту;
- р) Банктің міндеттемелерін оның меншік капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға көбейту;
- с) бұрынғы тіркешімен келісім-шартты бұзған жағдайда Банктің тіркеушісін таңдау;
- т) қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпараттардың тізімін анықтау;
- у) ірі мәмілелерді және жасасу туралы Банк мүдделілік танытып отырған мәмілелерді бекіту туралы шешімді қабылдау;
- ф) АҚ туралы Заңмен қарастырылған, Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа да мәселелер.

**Басқарма Төрағасы:**

- а) Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
- б) үшінші жақтағы тұлғаларға қатысты Банктің атынан сенімхатсыз әрекет етеді
- в) үшінші жақтағы тұлғалармен қарым-қатынасы кезінде Банкті ұсынуға сенімхаттарды береді;
- г) Банк қызметкерлерін (Басқарма мүшелері болып табылатындарынан басқасын) қабылдау, орнын ауыстыру және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға ынталандыру шаралары қолданады және тәртіптік сөгістерді жүктейді, еңбек ақы жүйесін анықтайды, Банктің штаттық кестесіне сәйкес Банк қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен айлық жалақыларына дербес үстеме ақыларының мөлшерін анықтайды, Басқарма және Банктің ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінің

құрамына енетіндерінен басқа, Банк қызметкерлерінің сыйақыларының мөлшерін анықтайды;

д) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

е) Басқарма мүшелерінің арасындағы міндеттерін, сонымен бірге өкілеттігі мен жауапкершілігінің саласын бөліп береді;

ж) осы Жарғымен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

Ішкі аудит қызметі:

а) Банктің құрылымдық бөлімшелерінің жасайтын әрекеттері мен операцияларының қолданыстағы заңның және Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін анықтайды;

б) Банктің өкілетті органының шығаратын барлық Банк құжаттарының Банктің жалпы саясатына, Ішкі аудит қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігіне сараптауды жүргізеді;

в) Сәйкесінше негіздер болған кезде, Банктің басшылығын, өзінің қызметтік міндеттерін бұзған Банк қызметкерлерін өз міндеттерін атқарудан шеттетудің, не Банктің жүргізіп отырған операцияларын тоқтатудың қажеттігі туралы хабардар етеді;

г) Банктің барлық құрылымдық бөлімшелерінің сәйкессізтер мен бұзушылықтарды түзетулері жөнінде ұсыныс береді және өкім шығару.

#### **10. Бағалы қағаздарды шығарушының Директорлар кеңесінің мүшелері**

<b>Тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы</b>	<b>Соңғы 3 жыл ішіндегі және осы уақыттағы, сонымен бірге қосымша атқарған лауазымдары</b>	<b>Бағалы қағаздарды шығарушының ЖК үлесі</b>	<b>Еншілес және тәуелді ұйымдардың ЖК үлесі</b>
Қапаров Нұрлан Жамбылұлы, 1970 ж.т., Директорлар кеңесінің Төрағасы	2003ж.- к/у - «Гарвардский Клуб Центральной Азии» Президенті 1999ж.- 2001ж. - Энергетика, индустрия және сауда Министрлігінің Вице-Министрі.	43,0389% (10.282.995 дана жай атаулы акциялар)	жоқ
Каниев Берік Сералыұлы, 1970 ж.т., Директорлар кеңесінің мүшесі	2004ж.- к/у - «Lancaster group Kazakhstan» АҚ Президенті; 2003ж.- 2004ж. - «KM Holding» АҚ Президенті; 2002ж.- 2003ж. - «ERC Holding» АҚ Басқарушы директоры	15,8719% (3.792.171 дана жай атаулы акциялар)	жоқ
Пак Юрий Эдуардович 1970 ж.т., Директорлар	2004ж.- к/у - «Lancaster Group Pte Ltd» Директоры; 2002ж.- 2004ж. «ERC Holding» ЖШС Өнідіріс жөніндегі	17,3465% (4.144.479 дана жай атаулы акциялар)	жоқ

кеңесінің мүшесі		директоры		
Аднан Алли Ага, 1966 ж.т., Директорлар кеңесінің мүшесі	2004ж.- к/у	- «Казинвестбанкі» АҚ Басқарма Төрағасы;		
	2003ж.- 2004ж.	- «Ситигруп Нигерия» Қауіптілік-менеджері;	жоқ	жоқ
	2002ж.- 2003ж.	- «Ситигруп Лондон» Аудит және қауіптіліктерге шолу департаментінің Аға аудиторы		

«Казинвестбанкі» АҚ Директорлар кеңесінің құрамындағы алдыңғы екі жыл ішіндегі өзгеріс:

*Директорлар кеңесінің құрамына тағайындалды:*

2003 ж. 10 қарашадағы «Казинвестбанкі» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы шешімінің негізінде Директорлар кеңесі келесі құрамда сайланды:

Н.Д. Каппаров – Төраға

Ю.Э. Пак

Б.С. Каниев

Е.К. Окаев

Пьер Боке.

2005 ж. 18 маусымдағы «Казинвестбанкі» АҚ акционерлерінің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Директорлар кеңесі қазіргі құрамында сайланды.

#### **11. Бағалы қағаздарды шығарушының атқарушы органы.**

Тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы	Соңғы 2 жыл ішіндегі және осы уақыттағы, сонымен бірге қосымша атқарған лауазымдары	Бағалы қағаздарды шығарушының ЖК үлесі	Еншілес және тәуелді ұйымдардың ЖК үлесі
Аднан Алли Ага, 1966 ж.т.	2004ж.- к/у	«Казинвестбанкі» АҚ Басқарма Төрағасы;	
	2003ж.- 2004ж.	«Ситигруп Нигерия» Қауіптілік-менеджері	жоқ
Цой Александр Васильевич, 1960 ж.т.	2004ж.- к/у	«Казинвестбанкі» АҚ Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары – Атқарушы директор;	жоқ
	2000ж.-	«Ситибанк Казахстан»	жоқ

	2004ж.	Кіші Вице-президент-есептік қорытынды қызметтер жөніндегі банктік өнімдерді дамыту департаментінің директоры		
Бояубаев Аскар Шахмұратұлы, 1973 ж.т.	2003ж.- к/у	«Казинвестбанкi» АҚ Басқарушы директор – қауіптілік-менеджері;		
	2002ж.- 2003ж.	«АТФ Банк» АҚ Департамент директоры – қауіптілік-менеджері.	жоқ	жоқ
Комова Екатерина Юрьевна, 1974 ж.т.	2004ж.- к/у	«Казинвестбанкi» АҚ корпоративті клиентермен жұмыс жөніндегі басқарушы директоры;		
	2003ж.- 2004ж	«Петрокоммерц» коммерциялық Банкінің құрылымдық қаржыландыру Басқармасының бастығы	жоқ	жоқ
Мерзлякова Наталья Владимировна, 1970 ж.т.	2005ж.- к/у	«Казинвестбанкi» АҚ қаржылық бақылаушы -бас бухгалтер;		
	2004ж.- 2005ж.	«ТЕХКАВАНК»\$ АҚ ішкі бақылау қызметінің бастығы		
	2001ж.- 2004ж.	Қаржылық бақылау бөлімінің жетекші маманы, Бас бухгалтердің орынбасары «Ситибанк Казахстана» ЖАҚ	жоқ	жоқ

**12. Бағалы қағаздарды шығарушының атқарушы органының өкілеттігін басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілгені туралы мәлімет.**

Бұл тармақты акционерлік қоғамдар толтырмайды.

**13. Бағалы қағаздарды шығарушының директорлар кеңесі мүшелеріне, атқарушы органының мүшелеріне және бағалы қағаздарды шығарушының басқа да басқарушы тұлғаларына төленген сыйақылар.**

	<b>Соңғы 3 айдағы сыйақылардың сомасы (тенге)</b>	<b>Келесі 12 айдың ішіндегі сыйақылардың жоспарланған көлемі (теңге)</b>
Осы проспектінің 10 және 11 тармақтарында көрсетілген тұлғалардың сыйақыларының жалпы сомасы	19 776 748	78 422 984

**14. Бағалы қағаздарды шығарушының ұйымдастырушылық құрылымы<sup>1</sup>.**

«Казинвестбанкi» АҚ негiзгi мiндеттерi тиiсiнше лицензиямен қарастырылған банктiк және басқа да операцияларды жүзеге асыру болып табылатын, бiлiктi және кәсiби жағынан дайындалған персоналға ие. Бүгiнгi таңда «Казинвестбанкi» АҚ-да қызмет iстеп атқан қызметкерлердiң саны 142 адамды құрайды.

<b>Бөлімшенің атауы</b>	<b>Лауазымының атауы</b>	<b>Аты-жөні</b>
Операциялық Департамент	Директор	Шаймерден Евгения Валерьевна
Ақпараттық-технологиялық басқарма	Ақпараттық-технологиялық басқарманың бастығы	Малиев Александр Викторович
Банк өнімдерін сату департаменті	Төрағаның Бірінші орынбасары	Цой Александр Васильевич
Филиал	Астаналық аймақтық филиалының директордың м.а.	Сағдиев Бауыржан Махтайұлы
Филиал	Ақтөбелік аймақтық филиалының директоры	Сейитмамбетов Құдайберген
Бас бухгалтерия	Қаржылық бақылаушы/Бас бухгалтер	Мерзлякова Наталья Владимировна
Ішкі бухгалтерия	Қаржылық бақылаушы/Бас бухгалтер	Мерзлякова Наталья Владимировна
Ішкі бақылау департаменті	Ішкі аудит жөніндегі басқарушы директор	Ким Лидия Викторовна

<sup>1</sup> «Казинвестбанкi» АҚ ұйымдастырушылық құрылымының сызбасы осы проспектіге қосымша ұсынылады.

Корпоративті клиенттерді несиелеу жөніндегі департамент	Басқарушы директор	Бондарев Дмитрий Владиславович
Жобалық қаржыландыру департаменті	Басқарушы директор	Абжанов Арнат Рахатұлы
Корпоративті клиенттерді несиелеу жөніндегі департамент	Басқарушы директор	Штрошерер Артур Викторович
Корпоративті клиенттерді несиелей жөніндегі департамент	Басқарушы директор	Комова Екатерина Юрьевна
Департамент казначейства	Басқарушы директор-Қауіптілік-менеджері	Бояубаев Асқар Шахмұратұлы
Неиселеулер жөніндегі қауіптіліктер департаменті	Басқарушы директор-Қауіптілік-менеджері	Бояубаев Асқар Шахмұратұлы
Несиелік әкімдеу департаменті	Несиелік әкімдеу секторының меңгерушісі	Құрманалиева Әсел Бақтығалиқызы
Халықаралық Департамент	Халықаралық қызмет жөніндегі басқарушы директор	Бекназарова Айгүл Жақсықұлқызы
Заң Департаменті	Заң басқармасының бастығының м.а.	Иванова Наталья Лукьяновна
Кадрлық саясат департаменті	Персоналмен жұмыс жөніндегі менеджер	Кожирова Айжан Бохайқызы
Құжаттау бөлімі және мұрағат	Құжаттау бөлімінің бастығы	Халықова Жанна Даукенқызы
Әкімшілік-шаруашылық департаменті	Алматы Әкімшілік-Шаруашылық Басқармасының бастығы	Досаева Әсем Рашидқызы

### 3. Бағалы қағаздарды шығарушының акционерлері мен кіріккен тұлғалары

#### 15. Бағалы қағаздарды шығарушының акционерлері.

Проспектінің уақытында, «Казинвестбанкi» АҚ 10 акционерге ие, олардың ішінен келесі акционерлер төленген жарғылық капиталда он және одан да көп пайызды иеленеді:

Акционер	Мекен-жайы	Төленген жарғылық капиталдағы үлесі
Қапаров Нұрлан Жамбылұлы, 1970 ж.т.	Алматы қ., Әл-Фараби даң., 63 үй, 58 пәтер	43,0389% (10.282.995 дана жай атаулы акциялар)
Каниев Берік Сералыұлы, 1970 ж.т.	Алматы қ., Достық даң., 121/5 үй, 3 пәтер	15,8719% (3.792.171 дана жай атаулы акциялар)
Пак Юрий Эдуардович 1970 ж.т.	Алматы қ., Сәтпаев көш., 37 үй, 81 пәтер	17,3465% (4.144.479 дана жай атаулы акциялар)

«Казинвестбанкi» АҚ-ның Бағалы қағаздарды шығарушының акционерлері болып табылмайтын, бірақ Бағалы қағаздарды шығарушының қызметін басқа ұйымдар арқылы бақылау құқығына ие басқа тұлғалары жоқ.

#### 16. Бағалы қағаздарды шығарушы солардың жарғылық капиталындағы он және одан да көп пайызды (үлесті) иеленетін заңды тұлғалар туралы мәлімет.

Проспектінің уақытында, «Казинвестбанкi» АҚ басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы он және одан да көп пайызға ие емес.

#### 17. Бағалы қағаздарды шығарушының қатысатын өндірістік, банктік, қаржылық топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдары туралы ақпарат.

«Казинвестбанкi» АҚ өндірістік, банктік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, қауымдастықтарға және консорциумдарға қатыспайды.

#### 18. Бағалы қағаздарды шығарушының басқа да кіріккен тұлғалары туралы мәлімет.

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес «Казинвестбанкi» АҚ кіріккен тұлғаларының тізімі осы Проспектіге қосымшада келтірілген.

#### 19. Кіріккен тұлғалардың қатысумен операциялар.

Соңғы жылда Банк өзіне кіріккен тұлғаларының қатысуымен ірі мәмілелерді жүзеге асырған жоқ.

#### 4. Бағалы қағаздарды шығарушының қызметінің сипаты (бұл бөлімді қаржылық ұйымдар толтырмайды)

#### 5. Қаржылық жағдайы

##### 27. Материалдық емес активтер.

2005 жылғы 01 шілдедегі жай-күйі бойынша «Казинвестбанкі» АҚ баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын материалдық емес активтердің келесі түрлеріне ие.

Материалдық емес активтердің атауы	Баланстық құны (мың теңге)	Үлесі (%)
Бағдарламалық қамтамасыз ету	6 556	53,12
Бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялар	4 898	39,69
<b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b>	<b>11 454</b>	<b>92,81</b>

##### 28. Негізгі құралдар.

2005 жылғы 01 шілдедегі жай-күйі бойынша «Казинвестбанкі» АҚ баланстық құны негізгі құралдардың жалпы баланстық құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын негізгі құралдардың келесі түрлеріне ие:

Негізгі құралдардың атауы	Баланстық құны (мың теңге)	Үлесі (%)
Атырау қ. ғимарат	39 173	5,21
Алматы қ. ғимарат	515 947	68,56
<b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b>	<b>555 120</b>	<b>73,77</b>

##### 29. Инвестициялар.

2005 жылғы 01 шілдедегі жай-күйі бойынша «Казинвестбанкі» АҚ-ның басқа заңды тұлғалардың капиталында тікелей инвестициялары бар. Ұзақ мерзімдік инвестициялар мен инвестициялық қоржыны жоқ.

Басқа заңды тұлғалардың капиталындағы инвестициялары	Инвестициялардың сомасы (мың теңге)	Бағалы қағаздарды шығарушының жарғылық капиталдағы үлесі (%)
«Қазақстан қор биржасы» АҚ	2 200	2,0548

### 30. Дебиторлық қарыздар.

2005 жылғы 01 шілдедегі жай-күйі бойынша «Казинвестбанкi» АҚ-ның қарыздарының көлемі дебиторлық қарыздардың жалпы сомасының бес және одан да көп пайызын құрайтын келесі дебиторлары бар:

Дебитордың атауы	Қарыздардың сомасы (мың теңге)	Өтеу мерзімі
ПК ауыл шаруашылығы машиналарының Сервис - Орталығы	29 400	2005 ж. тамыз
Компания Ареал ЖШС	113 874	2005 ж. шілде
Clevinston Software Ltd	50 349	2005 ж. желтоқсан
ЖШС «Тугел-Аубакир»	66 000	2005 ж. желтоқсан
<b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b>	<b>259 623</b>	

### 31. Жарғылық капитал.

«Казинвестбанкi» АҚ-ның төленген жарғылық капиталының көлемі 2.389.230.100 (екі миллиард үш жүз сексен тоғыз миллион екі жүз отыз мың бір жүз) теңгені құрайды.

### 32. Займдері.

Проспектінің уақытында, «Казинвестбанкi» АҚ-ның келесі қолданыстағы банктік займдер мен несиелік желілері бар.

Контрагенттің атауы	Мәміленің валютасы	Мәміленің сомасы	Ашылу уақыты	Жабылу уақыты	Пайыздық ставка
«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ	KZT	400 000 000	26.04.05	26.07.05	7,5
«Казкоммерцбанк» АҚ	USD	2 500 000	08.06.05	05.07.05	5,0

### 33. Несиелік қарыздары.

2005 жылғы 01 шілдедегі жай-күйі бойынша «Казинвестбанкi» АҚ-ның негізгі қызметті жүзеге асыруымен байланысты және несиелік қарыздарының жалпы құнының бес және одан да көп пайызын құрайтын несиелік қарыздары жоқ.

Кредитордың атауы	Қарыздардың сомасы (мың теңге)
Бюджеттің алдындағы қарыз:резиденттің табысынан ұсталғаны	12 547
<b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b>	<b>12 547</b>

## 6. Бағалы қағаздарды шығару туралы мәлімет

### 34. Облигацияларды шығару туралы шешімді қабылдау уақытына дейінгі бағалы қағаздарды шығарушының шығарылған бағалы қағаздары.

#### 1) облигациялар:

Проспектінің уақытында, «Казинвестбанкі» АҚ облигацияларды шығаруды жүзеге асырған жоқ.

#### 2) акциялар:

2004 ж. 07 мамырда Қазақстан Республикасының қаржылық нарық және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау Агенттігі саны 45.000.000 (қырық бес миллион) дана жай атаулы акцияларды шығарудың мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырды.

құрылтайшылардың арасында орналастырылғандарының жалпы саны – 10.000.000 (он миллион) дана;

түрі – жай атаулы акция; артықшылық берілген акциялар жоқ;

номиналды құны – 100 (жүз) теңге;

акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшалардың жалпы сомасы – 2.389.230.100 (екі миллиард үш жүз сексен тоғыз миллион екі жүз отыз мың бір жүз) теңге;

айналымдағы акциялардың саны - 23.892.301 (жиырма үш миллион сегіз жүз тоқсан екі мың үш жүз бір) дана; сатып алынған акциялары жоқ;

акцияларды бағалы қағаздардың екінші деңгейдегі нарығында сатып алудың әдісі қазіргі уақытта дайындалу сатысында болып табылады.

Акцияларға KZ1C35620018 ұлттық сәйкестендіру номері берілген. Шығарылым бағалы қағаздарды шығарудың Мемлекеттік тізіліміне A3562 номерімен енгізілген.

3) «Казинвестбанкі» АҚ-ның бағалы қағаздарды ұстаушылардың алдындағы міндеттемелерін орындамағаны туралы деректері жоқ;

4) «Казинвестбанкі» АҚ-ның орындалмаған немесе тоқтатылған деп танылған бағалы қағаздарды шығаруы жоқ;

5) «Казинвестбанкі» АҚ-ның облигациялық займдері жоқ;

6) бір акцияға дивидендтің көлемі:

Акцияның түрі	2003		2004	
	Есептелген дивидендтердің сомасы	Төленген дивидендтердің сомасы	Есептелген дивидендтердің сомасы	Төленген дивидендтердің сомасы
Жай акциялар	дивидендтер есептелген жоқ	-	дивидендтер есептелген жоқ	-
<b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b>	-	-	-	-

«Казинвестбанкі» АҚ акционерлерінің шешіміне сәйкес (2004 жылғы 31 мамырдағы № н/ж хаттама) 2003 жылға алынған таза табыс резервтік капиталды көбейтуге бағытталған.

«Казинвестбанкi» АҚ акционерлерiнiң шешiмiне сәйкес (2005 жылғы 18 маусымдағы № н/ж хаттама) 2004 жылға алынған таза табыс меншiк капиталын көбейтуге бағытталған;

7) «Казинвестбанкi» АҚ-ның жай атаулы акцияларымен сауда жасау Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздардың нарығында жүзеге асырылады. «Казинвестбанкi» АҚ-ның жай акциялары «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның сауда алаңдарында айналады;

8) «Казинвестбанкi» АҚ-ның жай атаулы акциясы – акционердiң Қоғам табысының дивиденд түрiндегi бөлiгiн алуға және Қоғамның iстерiн басқаруға қатысуға құқығына, сонымен бiрге оны таратқан жағдайда қалған мүлкiнiң бiр бөлiгiн алуға құқығына куәлiк беретiн бағалы қағаз. Жай атаулы акция Акционерлердiң жалпы жиналысында бiр дауыстың құқығын бередi.

## 7. Облигацияларды шығару туралы мәлімет

### 35. Облигациялар туралы мәлімет:

- |  |  |          |            |
|--|--|----------|------------|
| 1) облигацияның түрі                     | дәрежеде   | сатылған | қамтамасыз |
| етілмеген атаулы облигация;              |  |          |            |
| 2) саны                                  | 1.250.000.000 (бір миллиард екі жүз елу миллион) дана; |          |            |
| 3) номиналды құны                        | 1 (бір) теңге;   |          |            |
| 4) облигацияларды шығарудың жалпы көлемі | 1.250.000.000 (бір миллиард екі жүз елу миллион) тенге |          |            |

### 5) облигациялар бойынша сыйақылар:

сыйақы мөлшерлемесінің көлемі:  $r = i + m$ , бұнда  $r$  – облигацияның номиналды құнынан жылдық пайыздық мөлшерлемедегі сыйақы мөлшерлемесінің көлемі,  $i$  – кезекті купондық сыйақыны төленудің уақытына дейінгі екі айдың алдында келетін соңғы 12 айдағы, ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің жария ететін тұтыну бағасы индексінің (индекстің мәні пайызбен 100 пайызды шегергенде) өсуі/төмендеуі ретінде есепке алынатын құнсыздану,  $m$  – 2 пайыз жылдық көлеміндегі тіркелген маржа. Сыйақы мөлшерлемесінің жоғарғы шегінің мәні  $r \text{ max.} =$  облигацияның номиналды құнының 11 пайыздық жылдықпен,  $r \text{ min.} =$  облигацияның номиналды құнының 2 пайыздық жылдықпен белгіленеді.

Сыйақыларды есептеудің басталуы – облигациялар айналымының басталған уақытынан. Сыйақыларды төлеу облигациялар айналымының басталған уақытынан бастап оны өтеудің мерзіміне дейін сәйкесінше әрбір алты ай сайын жылына 360 (үш жүз алпыс) күндік және айына (отыз) күндік уақыттық базаны есепке ала отырып жылына екі рет жүргізіледі. Сыйақыларды төлеу теңгемен осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күні басталғанға дейінгі жай-күйі бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақшаны аудару жолымен жүргізіледі. Облигациялар бойынша табыс табысты алу құқығына ие тұлғаларды анықтаудың уақытынан кейінгі келетін 10 (он) жұмыс күнінің ішінде төленеді. Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда, сыйақылар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің төлем күніндегі ресми бағамы бойынша АҚШ долларларымен төленеді.

Сыйақының жаңа мөлшерлемесін жариялау жаңа купондық кезеңнің басталғанына дейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады. Банк бұл ақпаратты облигацияларды ұстаушыларға «Қазақстанның қор биржасы» АҚ сайтында орналастыру арқылы мәлім етеді.

Құнсызданудың, оның есептеулерінің алгоритмінің өзгерген және т.б. жағдайда осы шығарылымның облигацияларының купондық сыйақыларын есептеу кезінде Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі белгілеген баламалы көрсеткіші қолданылатын болады.

### б) облигацияларды айналдыру және өтеу туралы мәлімет:

облигацияларды айналдырудың мерзімі облигацияларды айналдыру басталған уақыттан бастап 7 (жеті) жылды құрайды. Айналдыру бастаудың уақыты – облигацияларды «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның «А» тобындағы ресми тізімге енгізудің уақыты. Облигациялар төлемдер жүзеге асқан кезеңнің соңғы күні басталғанға дейінгі жай-күйі бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген

облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына айналым кезеңі аяқталғаннан кейінгі 10 (он) жұмыс күнінің ішінде ақшаны аудару жолымен соңғы купондық сыйақыны бір уақытта төлеу арқылы айналым кезеңінің аяғындағы облигациялардың номиналдық құны бойынша (теңгемен) өтеледі.

Осы шығарылымдағы облигациялар бойынша мерзімінен бұрын өтеу (толық немесе жартылай) қарастырылмаған.

«Казинвестбанкі» АҚ-ның облигацияларын өтеу келесі мекен-жай бойынша жүргізіледі:

Қазақстан Республикасы, 050051

Алматы қ., Достық даң., 172,

Тел.: +7 (3272) 619 060; Факс: +7 (3272) 598 658

E-mail: info@kib.kz;

7) облигациялар бойынша ұсынылатын құқықтар:

облигация өзінің ұстаушысына «Казинвестбанкі» АҚ-дан осы Проспекте қарастырылған облигациялардың барлық айналым мерзімінің ішінде, сонымен бірге өтеу кезіндегі облигацияның номиналды құны бойынша сыйақыны алуға құқық береді.

8) облигациялар бойынша дефолт:

бағалы қағаздарды шығарушының облигациялары бойынша дефолт облигациялар бойынша купондық сыйақыны және/немесе негізгі қарызды төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, осы проспектімен белгіленген сыйақыны (купонды) төлеу мен негізгі қарыз мерзімінің аяқталу күнінен кейін келетін 10 жұмыс күнінің ішінде туындайды.

Дефолт жағдайында облигацияларды ұстаушыларға ұсынылатын құқық:

бағалы қағаздарды шығарушының кінәсінен облигациялар бойынша купондық сыйақыны және/немесе негізгі қарызды осы проспектімен белгіленген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, бағалы қағаздарды шығарушы ақшалай міндеттемені немесе оның бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне байланысты есептелетін әрбір мерзімін өткізіп алған күн үшін облигацияларды ұстаушыларға төлемақының өсімін есептейді. Облигацияларды ұстаушылардың талаптарының құқығы Қазақстан Республикасының заңының талаптарына сәйкес қанағаттандырылады;

9) опциондар қарастырылмаған.

### **36. Еркін айырбасталатын облигациялар:**

«Казинвестбанкі» АҚ-ның облигациялары еркін айырбасталушы болып табылмайды.

### **37. Облигацияларды орналастырудың тәсілі:**

1) «Казинвестбанкі» АҚ-ның облигациялары ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда ашық жазылу мен «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның сауда алндарындағы арнаулы саудаларды жүргізу арқылы барлық мерзімінің ішінде орналастырылады;

2) «Казинвестбанкі» АҚ еркін айырбасталатын бағалы қағаздарды шығармайды;

3) облигацияларды сатып алу кезіндегі төлем облигацияларды есептеу мен сатып алушының шотына есепке алу (төлемге қарсы жеткізу) уақытына қолма қол ақша, не аудару арқылы теңгемен жүргізіледі;

4) «Казинвестбанкі» АҚ облигацияларды қамтамасыз етуді шығарады;

5) бағалы қағаздар құқығының бір тұлғадан басқасына өтуімен байланысты «Казинвестбанкі» АҚ-ның бағалы қағаздарымен мәмілелерді тіркеуді, сонымен бірге «Казинвестбанкі» АҚ-ның бағалы қағаздарына құқығын бекітуді тәуелсіз тіркеуші «Бірінші тәуелсіз тіркеуші» АҚ жүзеге асырады (2005 ж. 08 сәуірдегі Қазақстан Республикасының қаржылық нарық және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау Агенттігінің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімін жүргізу бойынша қызметпен айналысуға берген №0406200360 мемлекеттік лицензиясы).

«Бірінші тәуелсіз тіркеуші» АҚ мына мекен-жай бойынша орналасқан:

Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Қонаев көш., 32 үй

Тел.: +7 (3272) 588 461;

2004 ж. 26 ақпандағы «Казинвестбанкі» АҚ-ның бағалы қағаздарын ұстаушыларының тізілімін жүргізу бойынша қызмет көрсетудің № 138 келісім-шарты;

б) «Казинвестбанкі» АҚ-ның бағалы қағаздарын орналастыру (андеррайтинг) бойынша қызметті «Казкоммерц Инвест» АҚ жүзеге асырады (2004 ж. 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының қаржылық нарық және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау Агенттігінің номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздардың нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға берген №0401200738 мемлекеттік лицензиясы). «Казкоммерц Инвест» АҚ мына мекен-жай бойынша орналасқан:

Қазақстан Республикасы, 050020,

Алматы қ., Горная көш. 500;

Тел.: +7 (3272) 596 200; Факс: +7 (3272) 596 726;

E-mail: general@kki.kz;

6-1) «Казинвестбанкі» АҚ облигацияларды бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында орналастыру мен айналдыруды жөпарлаған. Облигациялар «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның «А» тобындағы ресми тізімге енгізіледі. Облигацияларды шығару Проспектінің «А» тобындағы ресми тізімге енгізілуге арналған талаптарына сәйкестігін «Қазақстанның қор биржасының» 2005 жылғы 18 тамыз № 10008/823 бекітуі.

7) төлем агенті қарастырылмаған.

### **38. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаларды пайдалану.**

«Казинвестбанкі» АҚ облигацияларды орналастырудан түскен 1.250.000.000 (бір миллиард екі жүз елу миллион) теңге сомасындағы ақша қаражаттарын шағын және орта бизнестің субъектілерін несиелеуді дамыту үшін пайдалануды жоспарлап отыр.

«Казинвестбанкі» АҚ алынған ақшаларды жоспарланған бөлуге өзгерістерді тудыруы мүмкін қандай да бір жағдайларды болжамайды.

## 8. Қосымша ақпарат

### 39. Облигацияларды айналдырудағы шектеулер.

«Казинвестбанкі» АҚ облигацияларды айналдыруға, сонымен бірге орналастырылатын облигацияларды болуы мүмкін сатып алушыларға қатысты қандай да бір шектеулерді белгілемейді.

**40. Облигацияларды шығаруға кеткен шығындардың сомасы және осы шығындар қалай төленетіні туралы мәлімет.**

Шығындардың атауы	Сомасы (теңгеде)
Кіріспе листингтік алым	312.500
Қаржылық кеңес берушінің қызметтері	2.000.000
Үстеме шығындар	500.000
<b>ҚОРЫТЫНДЫ:</b>	<b>2.812.500</b>

Облигацияларды шығаруға кеткен шығындардың сомасын «Казинвестбанкі» АҚ қызмет көрсету туралы бекітілген келісім-шарттардың негізінде және сауданы ұйымдастырушының ішкі құжаттарымен төлейді.

**41. Инвесторлар бағалы қағаздарды шығарушының жарғысы мен облигацияларды шығару проспектісінің көшірмесімен таныса алатын орындар туралы ақпарат.**

Инвесторлар «Казинвестбанкі» АҚ-ның Жарғысы мен Облигацияларды шығару проспектісінің көшірмесімен мына мекен-жай бойынша таныса алады:

Қазақстан Республикасы, 050051

Алматы қ., Достық даң., 172,

Тел.: +7 (3272) 619 060; Факс: +7 (3272) 598 658

E-mail: info@kib.kz;

**«Казинвестбанкі» АҚ-ның**

**Басқарма Төрағасы**

**Аднан Али Ага**

**Бас бухгалтер**

**Н.В. Мерзлякова**